

**NEWS****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 6, Number 24 (2014), 31 – 33

**PHENOLOGY AND REGION OF SPREAD OF BITTERLING-WEED  
IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION****R. K. Zhumakhanova, Zh. A. Baimagambetova**

M. Auezov South-Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan

**Key words:** Weed, bitterling, South Kazakhstan, phenology.

**Abstract.** In this article the results of studying of development, distribution area and biology of quarantine-weed poisonous plant of the South Kazakhstan region of the pink bitterling are given in details. At the pink bitterling the increased viability of root system and presence of toxic agent at roots, which negatively influences on energy in a convergence of seeds, is defined.

ӘОЖ 632.51

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА КЕЗДЕСЕТИН АРАМШӨП - У  
КЕКІРЕНІЦ ТАРАЛУ АЙМАҒЫ МЕН ФЕНОЛОГИЯСЫ****Р. К. Жұмаханова, Ж. А. Баймағамбетова**

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан

**Тірек сөздер:** арамшөп, у кекіре, Оңтүстік Қазақстан облысы, фенология.

**Аннотация.** Арамшөп – жалпы егіс танаптарында өсетін жабайы өсімдіктер. Арамшөп тамыр жүйесінің жақсы дамуына байланысты ылғалды, қоректік заттарды көп пайдаланады. Соңдай-ақ ол егілген дақылды көленкелеп, фотосинтез процесінің жүруін нашарлатады, нәтижесінде егілген дақыл бойында органикалық заттардың түзілуі нашарлайды, алышатын өнім төмендейді. Осы мақалада Оңтүстік Қазақстан облысында кездесетін арамшөп түрі – у кекіреніц таралу аймағы мен есіп даму фенологиясы көрсетілген.

**Кіріспе.** Арамшөптер дегеніміз – өз бетімен, ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлерде өсіп-өніп, дақылдардың және басқа алышатын өнімдердің мөлшері мен сапасын төмендететін жабайы өсімдіктер. Арамшөптердің түрлерінің көптігімен қатар өздеріне тән ортақ биологиялық белгілері болады. Олардың бастылары: – қоректену тәсілі, – өсіп-даму мерзімі, – көбеюінің ерекшеліктері. Сонымен қатар әр түрлінің жеке ерекшеліктерін, өсімдіктің негізгі отанын, жергілікті немесе кездейсоқ жолдармен басқа контингенттен келгенін білу аса қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысының жайылымдары мен егістіктерінде арамшөптер көптеген құнарлы жерлерге өршелене тарап етек алуда. Өсіреле, соңғы он жыл ішінде арамшөп түрі – укекіре ауыл шаруашылығына орасан зор нұсқан келтіріп отыр.

Қызылт укекіре – (*Acroptilon repens*) – тамыры өркенді, күрделі гүлділер тұқымдастына жататын көп жылдық арамшөп. Тамыр жүйесі жақсы жетілген. Сабағы тік, торлы, түкті биіктігі 20–25 см. Өсімдік тұқымынан және тамыр бүршігінің өркінінен көбейеді. Қызылт укекіре – жылу да, жарық та сүйгіш, құрғақшылыққа өте тәзімді арамшөп. Қопсытылған және тығыз топырақтарда жақсы өседі. Топырақтағы жоғары ылғалдылыққа тәзімсіз келеді, ал өскіндері 2–3°C сүйкі тәзімді. Тұқымы топырақта бес жыл сақталады. Арамшөп тамырында көмірсүтек (инулин) жинауымен ерекшелінеді [1].

**Зерттеудің мақсаты.** Оңтүстік Қазақстан облысының егістік алқаптарында карантинді арамшөп у кекіренің таралу аймағына зерттеулер жүргізіп, оның өсіп даму кезеңдерін анықтау.

**Жұмыстың міндеттері:**

- Оңтүстік Қазақстан өніріндегі егістік алқаптарда у кекіренің таралу аймағын анықтау;
- карантинді арамшөп у кекіренің өсіп даму кезеңдерін бақылау;
- егістік танап топырағына у кекіре тамырының терең бойлау деңгейін анықтау;

**Материалдар мен әдістер.** Оңтүстік Қазақстан облысының егістік алқаптарында карантинді арамшөп у кекіренің таралу аймағына зерттеулер жүргізуде арамшөптермен ластануы Бүкіл-одақтық өсімдік қорғау институтының әдістемесі бойынша жүргізіліп, арамшөптердің саны анықталды; Егістіктің арамшөптермен ластануын төрт баллдық шкала есебі арқылы жүргізілді.

Бір балл: арамшөптер өте сирек (әлсіз ластанған).

Екі балл: егіс алқабында арамшөптердің 25% аспауы (орташа ластанған).

Үш балл: арамшөптермен мәдени өсімдіктердің саны жағынан бірдей болып келуі (күшті ластанған).

Төрт балл: арамшөптердің мәдени өсімдіктерден басым болуы (өте күшті ластанған).

**Зерттеу нәтижелері мен жаңалығы.** Жалпы уекіренің Отаны болып Кіші Азияның шөллейтті және далалы алқаптарымен қоса Иран, Ауганыстан және Синьцзянъ өлкесі саналады. Ол елдерден бізге байырғы заманнан бері келе жатқан сауда жолдары арқылы Орта Азия мемлекеттеріне таралған. Қазіргі кезде у кекіре бүкіл Орта Азия республикаларына, Қазақстан, Батыс Сибирдің оңтүстік шығысина, Орал, Дон сияқты өзендер алқаптарына таралған. У кекіре басып кеткен алқаптар Оңтүстік Қазақстанда жиі кездеседі. Облысымызда 1639 гектар егістік карантинді алқапқа айналған.

1-кесте – Оңтүстік Қазақстан өнірінде у кекіренің таралуы, га

p/c	Қала және аудан атауы	Карантиндік объекті атауы	Көлемі, га
1	Түркістан	Жатаған у кекіре	150
2	Бейдібек	Жатаған у кекіре	240
3	Қазығұрт	Жатаған у кекіре	371
4	Отырар	Жатаған у кекіре	375
5	Сарыагаш	Жатаған у кекіре	200
6	Төлеби	Жатаған у кекіре	18
7	Шардара	Жатаған у кекіре	285
	Жиыны		1639

Егер егіс алқабын у кекіре басып кетсе, мәдени өсімдіктер толық құриды. Бұл арамшөптің түрі егіс алқаптарында орташа және сирек кездескеннің өзінде, егін өнімділігін 3–10 есе кемітеді. Себебі ол өзінің күшті дамыған тамыр жүйелері арқылы топырақты құрғатып жібереді. Қызығылт кекіренің бір гүл 1000–2000 тұқым берे алады. Арамшөптің бұл түрі топырақта үш-төрт жылға дейін өнгіштік қабілетін сақтайды. Бұл өсімдіктің өніп шығуына 20–30 градус жылы температура болса жетіп жатыр. Топырақтың құрғауы немесе жаздағы жоғары температура әсерінен қызығылт кекіренің жерусті бөлшегі қураганмен, тамырлары тіршілігін жоймайды. Кейде бұл арамшөптердің тамыры су іздеп, 10 метр терендікке дейін өсे береді.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша атпа тамырлы арамшөптерге көктем-жаз кезіндегіге қарсы зерттеулер жүргізіліп, олармен 4,65 мың гектар жердің залалданғаны және әртүрлі деңгейде дамығаны анықталды. Жаз-күз мезгіліндегі зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша 2,91 мың гектар жер әртүрлі деңгейде залалдағаны байқалды.

2013 жылғы күзде егін орағынан кейін топырақ қабатының арамшөптердің тұқымдарымен ластануы оның ішінде атпа тамырлы топырақ қабаттары бойынша барлық ластанғаны 0–10 см дейінгі саны 0,006–3,91 млн.дана/га, 10–20 см дейінгі саны 0,01–2,1 млн. дана/га, 20–30 см дейінгі саны 0,006–1,0 млн. дана/га болды.

2-кесте – Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша у кекіренің өсіп-даму фенологиясы

Арамшөп түрі	Айлар																							
	наурыз			сәуір			мамыр			маусым			шілде			тамыз			қыркүйек			қазан		
	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3	1	2	3
Қызылтү кекіре	-	-	-	^	^	^	▷	▷	○	○	●	+	+	+	#	#								

- – өнуі; ^ – сабактану; ▷ – шанақтану; ○ – гүлдеу; ● – жаптай гүлдеу; □ – гүлдеудің соңы; + – тұқымның толуы; # – тұқымның пісіп, шашылуы.

У кекіренің егістікті басуы салдарынан Қазақстан жыл сайын 3 млрд теңге зиян шегіп отыр. Сонымен қатар, егістік өнімінің төмендеуінен басқа, оның сапасы да төмендейді, ұнның дөмі аңы болады, малға арналған сүрлемді жануарлар жемейді, жылқы жануары өте тез уланады, өлген жағдайлар да жиі кездеседі. Сүрі жерлерді, отамалы дақылдарды күтіп-баптау кезінде де кететін шығындарды есептесек, жалпы шығын 3 млрд. теңgedен асады.

**Корытынды.** Зерттеулердің нәтижесі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысында атпа тамырлы арамшөптердің таралу аймағы мен зақымдалу мерзімдері көрсетілді, көктем-жаз кезінде 4,65 мың гектар жердің залалданғаны және әртүрлі деңгейде дамығаны анықталды. Жаз-күз мезгілінде 2,91 мың гектар жер әртүрлі деңгейде залалдағаны байқалды.

#### ӘДЕБІЕТ

- [1] Жарасов Ш. Каантинді арамшөптер және олармен күрес. – Алматы, 2010, қазан. – № 35.
- [2] Сулейменова З.Ш. Методические указания по учету и выявлению карантинных объектов. – Астана, 2009.

#### REFERENCES

- [1] Jarasov Sh. Karanti"ndi aramsho'pter ja'ne olarmen ku'res. Almati', 2010, qazan. № 35.
- [2] Sulejmenova Z.Sh. Metodicheskie ukazanija po uchetu i vyjavleniju karantinnyh obektov. Astana, 2009.

## ФЕНОЛОГИЯ И РЕГИОН РАСПРОСТРЯНЕНИЯ СОРНЯКА - ГОРЧАКА В ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Р. К. Жумаханова, Ж. А. Баймагамбетова**

Южно-Казахстанский государственный университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**Ключевые слова:** сорняк, горчак, Южно-Казахстанская область, фенология.

**Аннотация.** Представлены результаты изучения периода развития, ареал распространения и биология карантинно-сорного ядовитого растения Южно-Казахстанской области горчака розового. У горчака розового определена повышенная жизнеспособность корневой системы и присутствие ядовитого вещества в корнях, которая отрицательно влияет на энергию всхожести семян.

Поступила 20.11.2014